

№7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай балабақшасы

Вариативтік компонент
«Мен суретшімін»
«Балдәурен» ересек «А» тобы

2020-2021 оқу жылы

Түсініктеме хат

«Тәрбиешінің міндеті – балада өнердің
қандай түріне ынта бар екенін ауып,
сол ынтасын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету»
Мағжан Жұмабаев

«Мен суретшімін» оқу-әдістемелік кешені дәстүрден тыс әдістер арқылы 4-5 жасар балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында 5-6 жасар ересек және мектепке даярлық топтарына «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша баланың танымдық, шығармашылық қабілеттерін анықтауға біршама мақсаттар қойылған: мектеп жасына дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттердің, ойлау мен қиялдың қалыптасуына, эстетикалық талғамы мен эмоцияналды-сезімдік саласының, ішкі жан дүниесін көркемдік формада жеткізе білуге деген ұмтылысын дамыту. Сонымен, балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады. Бейнелеу өнері балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамыту үрдісін белгілі жүйеде көрсетеді. Сурет салу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренеді. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілеттің дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда сурет салу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады. Сондықтан балабақшада баланың басты әрекеті ретінде сурет салу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала сурет сала, қия және желімдей келе, бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке болашақта пайдалана алатындай болады.

Осы оқу әдістемелік кешенінің бағдарламасындағы мақсаттарын жүзеге асыру арқылы тәрбиеші балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамытады, әлем құбылыстарын таңдауға, талдауға үйретеді. Сабақтар құрлысына қойылатын негізгі талап — әр бала өзін жеке шығармашыл тұлға ретінде сезініп, бірлескен әрекет пен қарым-қатынастан қанағат сезіміне ие болуы тиіс. Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын артыруда, бейнелерге қызықты да әдеттен тыс сипат беруге үйретуде, сурет салудың дәстүрден практикалық әдістері және жіп графикасы, картоп бастырмасы, саусақпен, далаппен, үрлеу арқылы сурет салу, ТРИЗ технологиясының түрлері, сабақ үлгілері енгізілді.

Бейнелеу өнерінің бұл әдістерін енгізу барысында балалар өздері ойланып, өздерін шығармашыл ретінде сезінетіндіктен, өз қабілеттерін көрсетуге толық мүмкіндік ала отырып, өз жұмыстарының нәтижесін көріп, қол жеткізген жетістіктерін сезеді. Балалар жауапкершілікке, өзара көмекке, өзіне және құрдастарына деген сенімділікке, сергектік қатынасқа тәрбиеленеді.

Қоғамда айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту және оны тәрбиелеу — бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі. Балалар дарындылығының табиғаты

шығармашылық қабілеті дамуының қайнар көзі, шығармашылық мүмкіншіліктерінің психологиялық құрлымының барлығы арнайы ізденісті қажет ететін мәселелер.

Шығармашылық дарындылықтың өз табиғатына тән ерекшеліктері болады. Ғалымдар дарындылықтың туа біткен, сондай-ақ жүре пайда болатын сипаты жөніндегі көзқарасты қуаттайды. Қоршаған ортаның, тәрбиенің және дамудың әсері нәтижесінде дарындылық сипаты айқын көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі бала психикасының қалыптасуы мен дамуы оның есейген шағымен салыстырғанда шапшаң жүреді. Балалық шақтың осы таңғажайып мүмкіншіліктері мидың, белгілі бір жүйке құрлымдарының толысып, пісіп-жетілуіне және олардың функционалдық қасиеттеріне байланысты.

Бұдан шығатын қортынды: мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қасиеттер оның шығармашылық қабілеті дамуының негізін қалайтын жағдайларды тудырады. Шығармашылық дарындылықты қалыптастырып, дамыту үшін балалық шақта қызықты жайыттардың болуы, құмарлықты, ынтаны, қиялды дамыту қажет, себебі тек сонда ғана мектепке дейінгі балалардың шығармашылық әрекетінің мәнін анықтауға болады.

№7 «Балырытан» санаторий-белем жайы

Барнативтік бөлім «Мен суретшімін»

Такырыбы	Максаты	Сапат саны
1	«Күз бізге не әкелді?» Табиғаттағы маусымдық ерекшелікті айту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	01.09.20
2	«Күзгі натюрморт» Балаларға натюрморт туралы түсінік беру. Көркемдік талғамын арттыру.	08.09.20
3	«Салқын және жылы рентер туралы ертегі» Ертегі жетісін түсіндіру арқылы түстер ренін бейнелей білуге үйрету.	15.09.20
4	«Орманға санырауқұлақ теруге барамыз» Коршаған ортаның сұлулығына қызығушылық таныту. Санырауқұлақ бейнесін сала білуге, асемдеуге үйрету.	22.09.20
5	«Жүзім талшығы» Балаларға жемістердің өзіндік қасиетін айту. Денгелек пішіндерді біркелкі орналастыра білуге, бояудың үйлесімді ренін таба білуге үйрету.	29.09.20
6	«Күз портреті» Балаларға күзгі табиғат кескінін бейнелей білуге үйрету. Бояу түстерін дұрыс үйлестіре білу қабілеттерін жетілдіру.	06.10.20
7	«Бақшада не пісіті» Балаларға бақшадағы	13.10.20

		өнімдерді көрсету арқылы салу жолдарын айту.	
8	«Күңіренген күн»	Сурет салуда қою, салқын түстерді қолдана білу. Бояу түстерінің үйлесімділігіне назар аудару.	20.10.20
9	«Қуаныш түсі, мұң түсі»	Түстердің айырмашылықтарын сезіндіру, ашық түс пен қоңыр түстерді қолдану.	27.10.20
10	«Ертегі құсы»	Ертегідегі кейіпкер бейнесін салуды үйрету. Құстарға тән қасиеттерді айту арқылы қызығушылықтарын арттыру.	03.11.20
11	«Ақжанды Сауысқан»	Сауысқан бейнесін салуды, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	10.11.20
12	«Алтын балық»	Балалардың эстетикалық талғамын арттыру. Суретті ұқыпты салуға дағдыландыру.	17.11.20
13	«Сиқырлы орман»	. Балалардың шығармашылық қабілетін аша білу. Дәстүрлі емес техниканы пайдалана білуге үйрету	24.11.20
14	«Қысқы ертегі»	Балаларға қысқы бейнені суреттей білуге үйрету	01.12.20
15	«Айналады аппақ қар»	Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктерін әдемі	8.12.20

		Түстермен сәндей білуге үйрету.	
16	«Дымков ойыншықтары»	Дымков ойыншықтарын тамашалау. Түстерді дұрыс пайдаланға өз қиялдарын шыңдау.	15.12.20
17	«Ару шырша»	Балаларға қыс мезгілінің көркі шыршаны безендіріп суретін салғызу.	22.12.20
18	«Қыс құстары»	Балалардың эстетикалық талғамын арттыру. Суретті ұқыпты салуға дағдыландыру	29.12.20
19	«Біз кеше аққала жасадық»	Балалардың ой қиялын дамыту. Суретті әдемі, ұқыпты салуға үйрету.	05.01.21
20	«Құбылмалы ертегідегі-құбылмалы түстер»	Түстерді атай білуге, түстердің айырмашылықтарын айыра білуге үйрету.	12.01.21
21	«Көңілді сайқымазақ»	Көңілді кескінмен сайқымазақты қарсы алу, түстермен дұрыс бейнелей білу дағдыларын қалыптастыру.	19.01.21
22	«Сиқырлы нұр»	Суретті талғаммен Салуға дағдыландыру	26.01.21
23	«Ертегі жазамыз»	Өз қиялдарына ерік беру арқылы ертегіні құрастыра білу.	02.02.21
24	Әдемі құс	. Ертегідегі кейіпкер бейнесін салуды үйрету. Құстарға тән қасиеттерді айту арқылы	09.02.21.

		кызыгушылыктарын арттыру.	
25	Балалар шығармашылыгы конкурсына катысу	Балалардың шығармашылығын шыңдау, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу	16.08.21
26	«Табиғат поитрасы»	Балаларға табиғат мезгілі туралы түсінік беріп, табиғат көрнісін бейнелеуге үйрету	23.02.21
27	«Алғашқы» кызағалдактар»	Балаларға сурет салудың техникасын үйрету. Үйлесімді салуда дағдыландыру	02.03.21
28	«Анама мен не сыйлаймын»	Балаларға өз аналарын куанта білуге тәрбиелеу. Өз кыялдарына ерік беру	09.09.21
29	«Ғаламат әлемі турлер түленді»	Әлемі турлер бейнесін дұрыс орналастыра білу, Қол моторикасын жетілдіру.	16.03.21
30	«Су асты хандығы»	Балаларға су асты әлемі туралы түсінік беру.	30.03.21
31	«Ғарыш»	Ғарыш әлемінің ғажайыптарын суреттей білуге үйрету	
32	«Бакыт құсы»	Балалардың шығармашылығын шыңдау, бірлікке,	

		татулыққа тәрбиелеу	
33	«Көбелектер»	Көбелек сияқты қимылдар жасап, ашық түстерді пайдалану.	
34	Дала гүлдері	Әдемі гүлдер бейнесін дұрыс орналастыра білу, Қол моторикасын жетілдіру	
35	Кемпірқосақ бояуы	Түстердің айырмашылықтарын сезіндіру, ашық түспен қоңыр түстерді қолдану.	
36	Жайдарлы жаз бояуы	Балаларға жаз мезгілі туралы түсінік беру, жазғы көріністі бейнелей білуге үйрету.	

Вариативтік компонент

«Сикырлы театр»

«Балдар» ересек «А» тобы

Бекітемін:
 №7 «Балдырған» санаториялық
 бөбекжай - балабақшасы, КММ
 меңгерушісі: Ж.К.Коланова
 Ж.К.Коланова

Тақырыптық жұмыс жоспары
«Балдәурен» ересек «А»тобы

№	Сабақ тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	Театр бұрышымен таныстыру.	Театр-туралы балаларға алғашқы түсінік беру және театр түрлерімен таныстыру. Театр қуыршақтары туралы балалардың түсініктерін тереңдету.	1 03.09.20
2	Театр түрлерімен таныстыру.	Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейте түсу. Театр қуыршақтары арқылы балалардың түсініктерін тереңдету.	1 10.09.20
3	«Түлкі мен торғай» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен таныстыру. Суретті көрсете отырып, ертегінің мазмұнын айту. Балалардың ынтасына қарай рольдерге бөліп ойнату.	1 17.09.20
4	Ойыншық театры. «Түлкі мен торғай»	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, көңіл күйін, іс-қимылын сөздік образын ойыншық арқылы көрсете білу. Театр өнеріне деген қызығушылығын арттыру.	1 24.09.20
5	«Қызыл телпек» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегінің кейіпкерлерін еске түсіру. Сурет арқылы балалар өздерінің бұрыннан есте қалғандарын баяндайды. Толық мазмұнынын айтып береді.	1 01.10.20
6	Үстел-үсті сурет театры: «Қызыл телпек» ертегісі.	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, үстел үстінде қуыршақты жүргізе білу техникасына үйрету	1 08.10.20
7	«Үйшік» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Балаларды ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен таныстыра отырып, қай ертегі екенін еске түсіру. Кейіпкерлердің мінез құлқы арқылы балаларды мейірімділікке, жолдастыққа, досқа адал бола білуге тәрбиелеу.	1 15.10.20
8	Саусақ театры: «Үйшік» ертегісі.	Саусақ театры кезінде балаға ынты жігер беріп отыру, қызығушылығын арттыру. Қолдың ұсақ буындарын дамыту, мүсіндерді мәтінге сәйкес бұзбай қозғалта білу.	1 22.10.20 29.10.20

9	«Мақтақыз бен мысық» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру. Диалог түрінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру.	1 05.11.20
10	Фланелеграф театры: «Мақтақыз бен мысық» ертегісі.	Мәтін ырғағын келтіріп, ертегі кейіпкерлерін сатылап ретімен орналастыруға үйрету. Театр өнеріне деген қызығушылығын арттыру.	1 12.11.20
11	«Қолғап» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру, зейін қойып тыңдап, рольдерге еніп ойнай білу дағдыларын қалыптасатыру.	1 19.11.20
12	«Қолғап» Украин халық ертегісі, сахналық қойылым.	Кейіпкерлерді қозғай отырып сөйлетуге, дауыс қарқынын өзгерте білуге үйрету.	1 26.11.20
13	Қуыршақ театры: «Қолғап» ертегісі	Би-ба-бо қуыршақтарын басқару қабілеттерін көрсету, қуыршақты ширмада жүргізу әдісін үйрету.	1 03.12.20
14	«Жеті лақ пен қасқыр» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Кейіпкерлердің жағымды. Жағымсыз жақтарын ажырата біліуі. Оларды қасқыр мен лақтар арқылы ойнатып көрсету. Бала бойында жағымды қасиеттар қалыптастыру.	1 10.12.20
15	Театрландырылған қойылым: «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі	Балалардың театрлық-ойын шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыру, рольдерге еніп ойнай білу. Театр мәдениетіне тәрбиелеу.	1 24.12.20
16	«Қоянның үйшігі» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Балалардың театрлық-ойын шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыру, рольдерге еніп ойнай білу. Театр мәдениетіне тәрбиелеу.	1 31.12.20
17	Қуыршақ театры: «Қоянның үйшігі» ертегісі.	Қуыршақ театры арқылы баланың қолының ептілігі мен қатар сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Қуыршақты ширмада жүргізу әдісін үйрету.	1 14.01.21
18	«Не дәмді?» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру. Балаларды жоспарлы түрде рольдерге бөліну бойынша әрекет жасауға тәрбиелеу.	1 21.01.21
19	Конус театры: «Не дәмді?» ертегісі.	Мәтін ырғағын келтіріп, ертегі кейіпкерлерін сатылап ретімен орналастыруға үйрету. Театр өнеріне деген қызығушылығын арттыру.	1 28.01.21
20	«Кім күшті?» ертегісімен таныстыру	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру. Балаларды	1 04.02.21

21	Үстел үсті театры: «Кім күшті?»	Кейіпкердің іс-әрекетін сезініп, қимыл-қозғалыс арқылы бейнелеп ойнай білуге үйрету.	1	11.02.21	жоспарлы түрде рольдерге бөліну бойынша әрекет жасауға тәрбиелеу.
22	«Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай».	Балалардың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, сұраққа толық жауап беру. Балалардың бойында жағымды әрекеттерді қалыптастыру	1	18.02.21	
23	Сахналы «Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай».	Ертегіні өздері ойнап, киімдерді көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Ертегі кейіпкерлеріне бір-біріне әдептілік жасау, қиын жағдайда жәрдемдесу, қиындықта құтқара білу және достық сезімдерін ұғындыру	1	25.02.21	
24	«Ақылды лақ» таныстыру.	Ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың назарын ертегі кейіпкерлеріне аудару.	1	04.03.21	
25	Сахналы: «Ақылды лақ».	Балалардың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, сұраққа толық жауап беруді қалыптастыру. Кейіпкердің дауыс ырғағын сала білуге үйрету.	1	11.03.21	
26	«Қошқар мен теке» таныстыру.	Балаларға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету.	1	18.03.21	
27	Сауат театры «Қошқар мен теке».	Кейіпкерлерді қимылдаты отырып, ертек мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру.	1	25.03.21	
28	«Түлкі мен тырна» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру. Балаларды жоспарлы түрде рольдерге бөліну бойынша әрекет жасауға тәрбиелеу.	1	01.03.21	
29	Үстел үсті театры: «Түлкі мен тырна».	Мәтін арқылы келтіріп ертегі кейіпкерлерін сатылап ретімен орналастыруға үйрету. Театр өнеріне деген қызығушылығын арттыру.	1		
30	«Мақтаншақ қоян» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру, зейін қойып тыңдап, рольдерге еніп ойнай білу дағдыларын қалыптастыру.	1		
31	Үстел үсті театры: «Мақтаншақ қоян»	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, үстел үстінде қырышақты жүргізе білу техникасына үйрету	1		
32	«Кім күшті» ертегісімен таныстыру, дайындық.	Кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз жақтарын ажырата білуі оларды кейіпкерлер арқылы ойнатып көрсету. Бала	1		

	Бойында жағымды қасиеттерді қалыптастыру.		
33	Үстел үсті театры: «Кім күшті».	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, үстел үстінде қырыпшақты жүргізе білу техникасына үйрету	1
34	«Үш аю» ертегісімен таныстыру	Балаларға ертегіні ынтамен аяғына дейін тыңдай білуге үйрету. Әр кейіпкерлерге сипаттама бере отырып, үлкен, ортанғы, кіші - деген мағынаны жете түсінуге дағдыландыру.	1
35	Сахналық қойылым: «Үш аю» ертегісі	Кейіпкерлерді орындай отырып, дауыс қарқынын өзгерте білуге үйрету.	1
36	Ертегілер еліне қош келдіңіздер! Қорытындылау.	Балалардың жыл бойы үйренген театр түрлері туралы білімдерін бекіту.	1
	Барлығы:		36

Түсінік хат

Театр - бұл сикырлы өмір, онда бала куана біледі, ойнайды, ойнай отырып коршаған ортаны таниды. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуын, ой-өрісін, ақыл-парасатын, адамгершілігін, эстетикалық сезімдерін жетілдіруін қамтамасыз етеді.

Болашақ жеткіншектеріміздің көзі ашық көкіреті оғу, тілге шешен, өзін де өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналырып, өздерін кейіпкер ретінде қатынастырып отырудың маңызды орасан зор. Өрбір ата-ана, тәрбиеші, қысқа ертегі- әңгімелерді, өлеңдерді рөлдерге бөліп сахна көрінісін жасап балабақшада қойылым жасауға да мән бергені жөн.

Бағдарламаның мазмұны:

«Сикырлы театр» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балаларға арналып, ойын әдістері арқылы бала тілін дамытып, іс-қимыл әрекеттерін жетілдіріп, теориялық және практикалық жағы ескеріліп отырып құрылған. Балалардың өзара қарым-қатынасын табуға, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеуге, фантазиялық ойлау қабілеттерін, өнерге қызығушылығын, ертегі кейіпкерлерінің қимылын салуға, нақышын келтіріп сөйлеуін, театр ойындарына белсенді араласып ойнауын дамытуға бағытталған. Барлық бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірте-бірте күрделеніп сахналай білу машықтарын дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты:

Балалардың көркем-өнер шеберліктерін жан-жақты дамыту, әртістік қабілеттерін қалыптастыру. Баланың жанына жақын тақырыптар мен таныс ертегі кейіпкерлері бейнесін сомдайтын ертелілер көрсетуіге қатынастыру. Ертегі кейіпкерлерін салыстыра отырып айнала қарым-қатынас туралы пікірлерін білдіруге, ойын ашық жеткізілеуіне Үлкендер мен басқа балалармен жақындасу ниетін қолдау. Құрдастарына ешқандай қиянат жасамай, бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.

Бағдарламаның тапсырмаларын орындауда балалардың сөздік қоры молайып, көркем-өнер әрекетімен әртістік өнері қалыптасады. Театрлық ойындар балаларды бір-бірімен жақындастырады, жалпы әртістік дамуына әсер етеді. Балаларға қырышқандарды өз қолдарымен жасап олардың қызығушылықтарын арттырып, театр деген тағайып әлемімен таныстырады. Рөлдерді орындауда икемді болуға бағу, ойында ортақ мүддеге сай дамыта білу және өзінің жеке тілектестігін көрсету. Сахналанған және мерекелік-шөру, атрибуттарды қолдануға үйретуге, ойындарды ұйымдастыруға ықпалы зор.

Бағдарламаның міндеті:

- балаларды театр өнерінің қызықты сәттерімен таныстыру;
- өзара еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

- көңіл-күй сезімімен, ұжымдық қатынасқа тәрбиелеу;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен театр көріністерін ұштастыру.

Күтілетін нәтиже:

Бағалау бойынша мейірімділік, адамгершілік, қайырымдылық бағалау да иті қасиеттер қалыптасады. Ертіс, әңгімелер, өлеңдер тыңдап, кейіпкерлерге мінездемелер беруді үйренеді. Бірлесіп ойнау арқылы жолдастық қарым-қатынас орнайды. Бағалау бойынша өзінше деген сенім орнап, өнерге деген он көзқарас қалыптасады.

«Сықырлы театр» бағдарламасы ересектер топтарына арналған, 36 сағатқа есептелініп құрастырылды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті әр топта аптасына бір рет өткізіледі, ұзақтығы 25-30 минут. Бағдарламаның жалпы мазмұны әр топқа арналған тақырыптық жұмыс жоспары мен қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ертіс не текен... мұратына жеткен. «Аруна» ЖШС 2013 жыл.
2. Әжемің ертегілері. «Аруна» ЖШС 2013 жыл.
3. Балаларға оқып беруге арналған кітапшалаар. ООО Издательство «Фламинго»
4. Волшебный театр. Шымкент «Шикүла и К» 2005г.
5. «Ерте, ерте, ертеде...» ертегілер жинағы Ақтөбе 2009 жыл.
6. Жануарлар туралы ертегілер. «Аруна» ЖШС 2012 жыл.
7. Л.В.Артемова «Театрализованные игры дошкольников»
8. М.С. Кайраталиева «Сказочная страна»
9. Н.Соловьева «Театр кукол для детей»
10. «Отбасы және бала-бақша» №1 2011 г. Мейірова. №2 2009 ж.
11. Ертіс еліне саяхат. «Аруна» ЖШС 2012 ж.
12. Русские волшебные сказки. Москва 2002г.
13. Сықырлы театр. Әр түрлі жастағы балаларға арналады. «Нұрсәуле-Лычак» сериасы
14. Т.И.Петрова, Е.Л.Сергеева, Е.С.Петрова «Подготовка и проведение театрализованных игр в детском саду»
15. Т.Н.Караманенко, Ю. Г. Караманенко. Кукольный театр дошкольникам. Москва 1982 ж.